



## Жәнібек ауданы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 42-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 сәуірде № 6137 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 6-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 30.04.2021 № 6-1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына сәйкес Жәнібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жәнібек ауданы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Жәнібек аудандық мәслихат аппараты басшысы (Н.Уәлиева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*И. Илемесов  
Т. Кадимов*

Жәнібек аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
7 сәуірдегі №42-3 шешіміне  
қосымша

## Жәнібек ауданы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Осы Жәнібек ауданы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы

" Заңына, 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 " Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) осы Жоспардың 1 - қосымшасына сәйкес;

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары осы Жоспардың 2 - қосымшасына сәйкес;

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы осы Жоспардың 3 - қосымшасына сәйкес;

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы осы Жоспардың 4 - қосымшасына сәйкес;

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы осы Жоспардың 5 - қосымшасына сәйкес;

6) ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы осы Жоспардың 6 - қосымшасына сәйкес;

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі осы Жоспардың 7 - қосымшасына сәйкес;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Жәнібек ауданында 9 ауылдық округ, 18 ауылдық елді - мекендер орналасқан.

Жәнібек ауданының жалпы көлемі 821 323 га, оның ішінде жайылымдық жерлер – 396 074 га.

Санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 403 584 га;

елді мекен жерлері – 86 536 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 1 264 га;

су қорының жерлері – 1 511 га;

жер қорындағы жерлер – 328 428 га.

Ауданның климаттық зонасы күртконтиненталды, қысы салыстырмалы салқын, жазы ыстық және құрғақ. Ауаның жылдық орташа температурасы қаңтар айында -16; -38°C, шілде айында +25; +37°C. Жауынның орташа түсімі 28 мм, ал жылдық 210 мм.

Ауданның өсімдік жамылғысы әртүрлі, шөлейт белдемнің өсімдік түрі басым. Ауданның флорасында гүлді өсімдіктердің эндемиктік түрлері кездеседі. Өсімдік жамылғысына байланысты аудан шөлдің оңтүстік-шығыс шегіне ұласатын белдемге жатады.

Ауданның шөптесін қорының басты түрі – жайылмалық шалғындар.

Ауданның солтүстік-шығыс бөлігінде ашыққоңыр, оңтүстігінде сортаң топырақты жерлер кездеседі. Топырақтың құнарлы қабаттың қалыңдығы 40-50 см.

Ауданда 9 мал дәрігерлік пункттері және 13 мал көмінділері жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Жәнібек ауданында 43 533 бас мүйізді ірі қара мал, 58 004 бас ұсақ мал, 14 734 бас жылқы, 80 бас түйе бар.

Ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымдармен қамтамасыз ету үшін барлығы 403 584 га жайылымдық алқаптары бар. Жер қорындағы жерлерде 328 428 га жайылымдық алқаптар бар.


Жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын бағу нормативіне сәйкес Жәнібек ауданы бойынша барлығы 314 844 га жайылымдылық алқаптар қажет болса, соның ішінде 144 533 га жеке шаруашылықтар және 170 311 га шаруа қожалықтарға қажет.

Бұл мәселелерді шешу үшін - мемлекеттік қордан жайылымдық алқаптарды ұтымды бөлу және елді мекендердің шекараларын қайта қалыптастыру, малдарды айдаудың жайылым тәсілін кеңінен қолдану, ауыл шаруашылық мақсатындағы және ауданының қордағы жерлерінен бөлу есебінен ұлғайту шараларын жүзеге асыру көзделуде.

Ветеринариялық-санитарлық объектілермен қамтамасыз ету үшін, Борсы, Жақсыбай, Жәнібек, Талов ауылдық округтерінде мал дәрігерлік пункттерін және Жақсыбай ауылдық округінде қашырым мал көмінділерін салу жұмыстарын жүзеге асыру жоспарланған.

Жәнібек ауданы бойынша  
2020-2021 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
жоспарға 1 -қосымша

**Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (қартасы)**



**ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР**

- Ауданның шекарасы
- Ауылдық округінің шекарасы
- Есеп бойынша пайдаланушылардың жер учаскесі


**ШЕКТЕСТІК СИПАТТАМАСЫ**

- А дан Б -ға дейін Ресей Федерациясының жерлері
- Б дан А -ға дейін Казталов ауданының жерлері
- Б дан А -ға дейін Бөкей ордасының жерлері

Жәнібек ауданы бойынша  
2020-2021 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және

оларды пайдалану жөніндегі  
жоспарға 2- қосымша

## **Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары**



**ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР**

- Ауданның шекарасы
- Ауылдық округінің шекарасы
- Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары

**ШЕКТЕСТІК СИПАТТАМАСЫ**


- А дан Б -ға дейін Ресей Федерациясының жерлері
- Б дан А -ға дейін Қазталов ауданының жерлері
- Б дан А -ға дейін Бөкей ордасының жерлері

Жәнібек ауданы бойынша  
2020-2021 жылдарға арналған

жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
жоспарға 3- қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы**





**ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР**

- Ауданның шекарасы
- Ауылдық округінің шекарасы
- Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері


**ШЕКТЕСТІК СИПАТТАМАСЫ**

- А дан Б -ға дейін Ресей Федерациясының жерлері
- Б дан А -ға дейін Казталов ауданының жерлері
- Б дан А -ға дейін Бөкей ордасының жерлері

Жәнібек ауданы бойынша  
2020-2021 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және

оларды пайдалану жөніндегі  
жоспарға 4 -қосымша

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы**



### ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР


- Ауданның шекарасы
- Ауылдық округінің шекарасы
- ~ Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы

### ШЕКТЕСТІК СИПАТТАМАСЫ

- А дан Б -ға дейін Ресей Федерациясының жерлері
- Б дан А -ға дейін Казталов ауданының жерлері
- Б дан А -ға дейін Бөкей ордасының жерлері

Жәнібек ауданы бойынша  
2020-2021 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және

**Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**



**ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР**

- Ауданның шекарасы
- Ауылдық округінің шекарасы
- Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы


**ШЕКТЕСТІК СИПАТТАМАСЫ**

- А дан Б -ға дейін Ресей Федерациясының жерлері
- Б дан А -ға дейін Казталов ауданының жерлері
- Б дан А -ға дейін Бөкей ордасының жерлері

Жәнібек ауданы бойынша  
2020-2021 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және

оларды пайдалану жөніндегі  
жоспарға 6- қосымша

**Ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы**



**ШАРТТЫ ТАҢБАЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР**

- Ауданның шекарасы
- Ауылдық округінің шекарасы
- Ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы

**ШЕКТЕСТІК СИПАТТАМАСЫ**

- А дан Б -ға дейін Ресей Федерациясының жерлері
- Б дан А -ға дейін Казталов ауданының жерлері
- Б дан А -ға дейін Бөкей ордасының жерлері

Жәнібек ауданы бойынша  
2020-2021 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық  
маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі**

№	Ауылдық округ атауы	Шалғай жайылымға малдардың айдап шығарылу мерзімі	Шалғай жайылымнан малдардың қайтарылу мерзімі	Ескерту
1	Жәнібек	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	
2	Ақоба	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	
3	Борсы	Сәуірдің екінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	
4	Жақсыбай	Сәуірдің екінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	
5	Күйгенкөл	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	
6	Қамысты	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	
7	Талов	Сәуірдің екінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	
8	Тау	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	
9	Ұзынкөл	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі	

Жайылым кезеңінің ұзақтығы топырақтық-климаттық аймақ зонасына байланысты, ауыл шаруашылығы жануарлар түріне, сондай-ақ жайылым өнімділігіне байланысты біркелкі құрғақ – селеулі – бетегелі –жусанды далада 180-200 күнді құрайды.

Бұл жағдайда жайылымның ұзақтығы мүйізді ірі қара малдар, ұзақ мүйізді малдар, жылқы және түйелер үшін максималды қар жамылғысының қалыңдығымен тереңдігіне және басқада факторларға байланысты.

Ескерту: аббревиатуралардың шешуі:

С – Цельсия көрсеткіші;

га – гектар;

мм – миллиметр;

см – сантиметр;

а/о – ауылдық округ.